

2018 жылға «03» қантар
№ 1-А бұйрыққа
№2 Қосымша

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт Министрлігі спорт және дене шынықтыру істері Комитеті «Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі» РМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар стандарты

1. Қоғамдық қарым-қатынастағы саланың атауы: дене шынықтыру және спорт саласы.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар стандартын әзірлеуші: Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт Министрлігі спорт және дене шынықтыру істері комитеті «Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі» РМҚК (мәтін бойынша ары қарай – Кәсіпорын).

3. Рұқсаттар мен шектеулер:

1) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыру мақсатында Кәсіпорын қызметкерлеріне келесі міндеттер жүктеледі:

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделердің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерді заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде қарауға, оларға қажетті шараларды қабылдауға;
- нормативтік құқықтық актілерде көрсетілмеген құжаттардың талап етілуіне жол бермеуге, сондай-ақ функционалдық міндеттерді орындаған кезде қылмыстық жазалаудан (бюрократиядан) аулақ болуға;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- жеке мәселелерді шешу кезінде жеке және заңды тұлғаларға ықпал ету үшін қызметтік ұстанымды пайдаланбау;
- лауазымдық міндеттерді сапалы орындау үшін кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға.

2) басқарушылық және өзге шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде өз құзыреті шегінде:

- мүдделер қақтығысына жол бермеуге, егер олар пайда болған жағдайда, оларды заңға сәйкес жоюға шаралар қабылдауға;
- өзінің заңды міндеттеріне кіретін шешімдер қабылдау барысында азаматтық қызметшінің үшінші тұлғалардан өздерінің заңды міндеттерін орындауымен байланысты қандай да бір материалдық жеңілдіктерді, қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;
- берілген құқықтар шеңберінде және қызметтік міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға;

- дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнаманы сақтауы тиіс.

3) нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға қатысу кезінде:

- өздеріне немесе үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзу мақсатында нормативтік құқықтық және нормативтік құқықтық актілердің әзірленуіне жол берілмейді.

4) басқа да әлеуметтік маңызы бар қатынастарда тиісті қызмет саласының ерекшелігіне байланысты:

- мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне кедергі келтіретін немесе мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін төмендететін әрекеттерге қарсы тұруға;

- заңнамада жауапкершілік қарастырылған заң бұзушылықтар мен басқа да құқық бұзушылықтарға жол бермеуге;

- дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұруға;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын жеке және заңды тұлғалармен өзара әрекеттесу нәтижесінде алынған ақпаратты жария етпеуге және / немесе / таратуға жол бермеуге;

- қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне ресми позицияны және оған байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбауға, оның ішінде оларға деген көзқарасын насихаттауға;

- шағымдар мен өтініштерді қарау және мүдделі тұлғаларды белгіленген мерзімде шағымдар мен өтініштерді қараудың нәтижелері туралы хабардар етуге;

- іскерлік әдеп және ресми мінез-құлық ережелерін сақтауға міндетті.

4. Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық фактілері орын алған жағдайға қатысты іс-әрекеттері:

1) егер қызметкерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат бар болса, мұндай қылмысты болдырмау және тоқтату үшін қажетті шаралар қабылдауға, соның ішінде жоғары басшыны, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдарды дереу жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.

2. Сонымен қатар азаматтық қызметші аталған тұлғаларға және органдарға оны басқа тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеуі туралы қағаз жүзінде дереу хабардар етуге міндетті.